



Әл-Фараби
АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен
шыға бастады



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

WWW.FARABI.UNIVERSITY

№36 (1902) 25 ҚЫРКҮЙЕК 2023 ЖЫЛ

«Әке туралы ой-толғау» Түркияда таныстырылды

Түркияда қазақ халқының көрнекті жазушысы, еліміздегі детектив жанрының негізін қалаушы Кемел Тоқаевтың 100 жылдығына орай, «Кемел Тоқаев – қоғам қайраткері, көрнекті жазушы, белгілі журналист» атты халықаралық конференция өтті.


Шара барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың түрік тіліне аударылған «Әке туралы ой-толғау» кітабы таныстырылып, тұсауы кесілді.

Жаңа жинақ жазушы, Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуп Өмероғлы басқаратын «Бенгу» баспасынан жарық көрген.

Алқалы жиынды Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті және Ыстамбұл университеті Фараби-Еуразия ғылыми орталығы ұйымдастырды.

Екіжақты танымдық басқосудың мақсаты – Кемел Тоқаевтың шығармашылық мұрасын түркі әлеміне танытып, бауырлас мемлекеттер арасында насихаттау және түркі елдері әдебиетін дамыту.

Конференцияға Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт



Түймебаев, Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуп

Өмероғлы, шетелдік ғалымдар, тарихшылар, Ыстамбұл университетінің оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастары қатысты.

Жиналғандар алдында Түркия университеттерінің доктор-профессорлары Али Шукру Чорук, Абдулауақп Кара, Орхан Сойлемез, Айна Аскерұлы Арслан баяндама жасап, Кемел Тоқаевтың өмірі мен шығармашылығына тоқталды.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев өз сөзінде жазушы Кемел Тоқаевты түркі әлеміне тереңірек таныстырып, туыстар елдер әдебиетіне сіңірген еңбегін айрықша атап өтті.

«Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» кітабы ХХ ғасырдың басында қазақ даласында өткен тарихи оқиғаларды баяндайды. Мемлекет басшысы өз әкесінің өміріне үніле отырып, Қасым және Кемел атты қазақ жігіттерінің асқақ рухын суреттейді. Қабырғалы қаламгердің шығармашылық еңбектері арқылы қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихын және түркі әлеміне сіңірген еңбегін танып-біле аламыз», – деді Жансейіт Түймебаев.

Нұрсұлтан
БАЗАРБАЙҰЛЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев Түркияға жұмыс сапары барысында Ыстамбұл университетінің ректоры Осман Бүлент Зүлфикармен кездесті.

Ректор Ыстамбұл университеті басшысымен кездесті



Тараптар серіктестікті дамыту және алдағы уақытта ортақ конференциялар мен симпозиумдар өткізу бойынша өзара пікір алмасты.

Жүздесуде Жансейіт Түймебаев ҚазҰУ мен Түркия жоғары оқу орындары арасындағы ынтымақтастық күн санап артып келе жатқанына тоқталды.

«2022 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев-

Абдулла Гүл көшбасшылық дәріс оқыды. Сонымен қатар бүгінде Түркияның 50-ге жуық жетекші жоғары оқу орнымен әріптестік жолға қойылған. Мұндай ынтымақтастық нәтижелері бауырлас елдердің ғылымы мен білімін дамытуға сеп болады деп ойлаймын. Аталған жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады», – деді Жансейіт Түймебаев.

Кездесуде Ыстамбұл уни-



тың Түркияға жасаған ресми сапары аясында ҚазҰУ-дың филиалы Ыстамбұлда ашылған болатын. Оқу ордасында Түркия елімен бірлескен түрлі халықаралық конференциялар, кездесулер және дөңгелек үстел отырыстары өткізіліп келеді. ҚазҰУ-да Түркияның 11-ші президенті

верситетінің ректоры Осман Бүлент Зүлфикармен екі университет арасындағы серіктестікті одан әрі арттыруға ниетті екенін жеткізіп, барлық бастамалар мен жобаларды қолдайтынын баса айтты.

Гүл ҚҰТТЫБЕКҚЫЗЫ



Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ:

Шытырман жанрдың шебері

2 >>



PR мамандығының екінші тынысы ашылды

4 >>



Климаттың өзгеруімен күрес саясаты

6 >>

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әке туралы ой-толғау» кітабы кез келген перзенттің жан дүниесін толқытатын ерекше шығарма. Төбіреністен туған, тәрбиесі мол, тағылымы бөлек туынды айрықша ойландырады. Жылы әсерге бөлеп, тұлғасы таудай танымал әкенің жан дүниесін терең білуге жетелейді.

Бұл кітап ХХ ғасырдың басында қазақ даласында өткен тарихи оқиғаларды баяндайды. Мемлекет басшысы өз әкесінің өміріне үңіле отырып, Қасым және Кемел атты қазақ жігіттерінің асқақ рухын суреттейді. Қабырғалы қаламгердің шығармашылық еңбектері арқылы қазақ әдебиетінің қалыптасу тарихын және түркі әлемі-

лері кірді. Кітап 1954 жылы Алматыдағы «Мемлекеттік көркем әдебиет» баспасынан жарық көрді. Отыз жасқа енді келген жас жазушының алғашқы жинағы қазақ оқырмандарын бірден елең еткізді. Алғашқы әңгімелерінің өзінен-ақ қалың оқырман өз тақырыбын терең меңгерген кең тынысты қаламгердің өзіндік қолтаңба-



гуманистік, өркениеттік мәселелерді көтере білді. Кітаптарының алтын өзегінде жатқан поэтикалық қуаты да осы арадан көрінеді. Соғыс пен қылмыс тақырыбын қаузап отырып, гуманистік, пассионарлық идеялар мен құндылықтарды қалың оқырманға нәзік жеткізе білуі жазушы қол жеткізген көркемдік табыстарының бір биігі деп атап айтуға болады. Шытырман жанрдың шырағын жаққан көрнекті қаламгер Кемел Тоқаев шығармалары уақытпен бірге жасап, ешқашан оқырманын жоғалтпайтын да сондықтан.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті дайындаған «Детектив дарабозы» атты кітапта Кемел Тоқаевтың ұлт

Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры

Шытырман жанрдың шебері

не сіңірген еңбегін танып-біле аламыз.

Шығарманы оқығанда бізге беймәлім, сирек ұшырасатын өмірдің түрлі сәттері көз алдына келеді. Әр сөйлемі жүректі қозғайтын, адам тағдырының бұралаң жолын суреттейтін туындыны бейжай оқу мүмкін емес. Жиырмасыншы ғасырдың алғашқы кезеңінде қазақ даласын есеңгіреткен ашаршылық, нәубет, қуғын-сүргін (репрессия) кезеңдері қаз қалпында баяндалады.

Қайраткер әке туралы эссе-толғау қазақтың көрнекті жазушысы Кемел Тоқаевтың шығармашылық лабораториясынан да хабар береді. Бұл шығарманы сұрапыл соғысты бастан өткізіп, қан майданда ауыр жарақат алған қабырғалы қаламгердің ғұмырбаяндық шежіресі деуге болады. Естелік жанрында жазылған еңбек әдебиетіміздің тарихын, жүріп өткен жолын шынайы бағалауға өз үлесін қосқан туынды екені сөзсіз.

Шығарма желісінен жанына, жүрегіне түскен сансыз жарадан жігері мұқалмаған қайраткер азамат, кемел қаламгердің бейнесі менмұндалайды. Жас Кемел ең қимастары – әкеден, анадан, туған бауырынан, қарындасынан мезгілсіз айырылса да, арына, намысына дақ тигізбей, тағдырдың салмағын қайыспай көтере біледі.

Майдан даласынан оралысымен Қазақ ұлттық университетінің журналистика факультетінде білім алып, өзінің дарынына, қалам қуатына сеніп, өткір мақалалары мен шынайы шығармаларын жазды. Қазақ журналистикасының қалыптасуына елеулі үлес қосып, ұлт әдебиетінің дамуына өлшеусіз еңбек сіңірді.

Кемел Тоқаев елімізде детектив жанрының негізін қалаған қаламгер ретінде қазақ әдебиетінің тарихында биік тұғырда тұр. Жазушының «Жұлдызды жорық» атты тұңғыш жинағына көркем әңгіме-


сын бірден аңғарды. Кейіпкерлері тың, оқиға желісі шымыр, шытырман оқиғада өрбіп отыратын өзіндік жазу стилін қалыптастырды. Әр шығармасы сайын өсіп, толысып, кемелденді. Кейінгі туындыларында күрмеуі мол, күрделі тақырыпты әр қырынан ашып, сүбелі шығармаларымен көрінді.

Осылардың ішінен алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдары жарық көрген «Жұлдызды жорық», «Қыс қарлығашы», «Тасқын», «Көмескі із», «Болашақ туралы ойлар», «Замандастар сыры», «Түнде атылған оқ», «Қастандық», «Арнаулы тапсырма», «Сарғабанда болған оқиға», «Таңбалы алтын» атты кітаптарына енген әңгімелері мен повестерін ерекше атауға болады.

Кемел Тоқаев «Соңғы соққы», «Солдат соғысқа кетті», «Ұясынан безген құс» атты жинақтарына кірген романдары арқылы кең тынысты жазушы екенін танытты.

«Замандастар сыры», «Таудағы жаңғырық» атты повестері де кезінде әдебиетте сында жақсы бағаланған көркем дүниелер. Жазушы шығармаларының тілі, құрылымы, шытырман оқиғалар желісі мен кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы ізденістері назардан тыс қалған жоқ.

Туындыларындағы бүкіл оқиғалар мен кейіпкерлер әрекеті, тартыс пен күрес, жеңіс пен жеңілістер – барлығы шынайы өмір көріністерінен, адамдар тағдырларынан бастау алады. Әсіресе қалың оқырманның үлкен сұранысына ие болған, қазақ әдебиетіндегі алғашқы детективтік шығарма – «Соңғы соққы» романы бірнеше тілге аударылып, Кеңес Одағы елдеріне кең тарады. «Соңғы соққы» романының бас кейіпкері – Кеңес Одағының белгілі чекісі Қасымхан Чанышев. Бұл туындыда оқырман М.Фрунзе, Д.Фурманов, О.Жандосов, Б.Шағабутдинов сияқты мемлекет қайраткер-



лерінің бейнесімен де танысады.

Жазушы Кемел Тоқаевтың күрделі сюжет құрып, оқиғалар желісін босаңсытпай, ширқытыра түсетіні, көркемдік детальдарды ұтымды пайдаланатыны – жазушы шеберлігінің айқын дәлелі. Қай шығармасы болса да, оқырманын жалықтырмай, қызықтырып өкетеді. Детектив жанрының ең басты шарты – кейіпкерлерін сан алуан, шытырман оқиғалардың ортасында, үнемі тартыс пен күрес үстінде көрсете білуі жазушының талантын толық көрсетіп тұр. Көбінесе «психологиялық талдау» әдісіне жүгінетін суреткердің шығармаларынан бірде-бір әлсіз, жігерсіз кейіпкерді таба алмайсыз.

Қаламгердің тағы бір кесек туындысы – «Солдат соғысқа кетті» атты тарихи романы. Бұл шығармада суреттелетін оқиғалар, көріністер, кейіпкерлер диалогтары, шығарманың композициялық құрылымы әбден төселген, көркемдік шеберлік әдіс-тәсілдерін мейлінше меңгерген жазушының қолтаңбасын анық аңғартты.

Көлемді романдардан кейін жазушы соғыс, әскери

шайқас көріністерінен бірте-бірте алыстап, барлаушылар, тәртіп сақшылары, ішкі істер органдары жауынгерлерінің, қызметкерлерінің өмір жолына құрылған шағын шығармалар жазды.

Қаламгер өз шығармалары арқылы алдымен адамгершілік, кісілік қасиеттерімен көрінетін, әділетті жақтаушы әскери адамдардың образын алып келді. Сол арқылы қазақ әдебиетінің сан қырлы бай галереясын тосын, күрделі тағдыр иелерімен толықтырды.

Детектив жанрының құпиясын меңгерген Кемел Тоқаев өз тақырыбын ұзақ жылдар бойы зерттеп жүрді деп болжауға болады. Кейбір жылдары драмалық туындыларға да қалам тартқанымен, өзінің сүйікті тақырыбынан қол үзген жоқ. Талантты жазушы қандай тақырыпқа қалам тербесе де, әуелі өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір шындығына, адамдар тағдырына терең бойлады. Өмір шындығының арналы ағысын, күре тамырын дәл аңғара білді.

Майдан шындығын суреттейтін туындыларында жазушы бүкіл адамзаттық деңгейде

руханияты үшін аққарған шығармашылық еңбегі мен қайраткерлік жолын жаңа қырынан танытуға тырыстық.

«Кемел көкжиегі» деп аталатын бірінші бөлімде жазушы Кемел Тоқаевтың мұрағаттан, Ұлттық кітапханадан, ҚазҰУ кітапханасы қорынан алынған «Социалистік Қазақстан», «Лениншіл жас», «Қазақстан пионері» газеттерінде жарияланған, бұрын кітапқа жинақталмаған мақалалары, көркем-публицистикалық туындылары берілді.

«Қаламдастар құрметі» деп аталатын екінші бөлімде кемел тұлға туралы ұлт қайраткерлері, танымал сөз сүйелері, айтулы ғалымдар мен публицистердің және замандастарының естеліктері жинақталған. Мәселен, Қасым Кәсіпбаевтың «Кемел шағында еді», Әзілхан Нұршайықовтың «Дос қолтаңбасы», Қалмұқан Исабайдың «Тоқаевтың үш сыйлығы», Серік Қирабаевтың «Сырбаз», Шерияздан Елеуеновтың «Аты да, таланты да – Кемел», Баққожа Мұқайдың «Жұмбақ жан» эсселері бұрын жазылып, түрлі басылымдарда жарық көргенімен, алғаш рет бір жинаққа біріктіріліп отыр.

«Ізбасарлар ізеті» аталған үшінші бөлімде Кемел Тоқаев туралы қазіргі таңда қалам тербеп жүрген қазақ журналистерінің, әдебиетші ғалымдардың публицистикалық сараптамалары жинақталған, сондай-ақ ҚР Орталық мемлекеттік кино-фотоқұжаттар мен дыбыс жазбалар архивінен, ҚазҰУ-дың Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханасы қорынан алынған фотосуреттер мен қаламгер кітаптары таныстырылады.

Биыл 100 жылдығын жалпыұлттық деңгейде халық болып тойлап жатқан көрнекті жазушы Кемел Тоқаевтың шығармашылық мұрасы бүгінгі және ертеңгі жас буынға мәңгі қажет рухани құндылық деп ойлаймын.

Тұлға туралы толғаныс

Қазақ журналистикасында өзіндік қолтаңбасы бар, қазақ әдебиетінде детектив жанрының негізін қалаған жазушы Кемел Тоқаевтың туғанына 100 жыл толып отыр. Ұлт руханияты үшін аянбай тер төккен тұлға туралы ақын-жазушылар мен ғалымдар, әріптес-ізбасарлары ой толғайды.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті журналистика факультетінің аға оқытушысы

ӨЗ МЕКТЕБІН ҚАЛЫПТАСТЫРА БІЛДІ

Кемел Тоқаев – Ұлы Отан соғысының ардагері, қоғам қайраткері, қазақ әдебиетінің көрнекті жазушысы, қазақ детективінің атасы, қазақ журналистикасының қара нары. Ол Абай, Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Илияс Жансүгіров, Ғабит Мүсірепов секілді қазақтың қабырғалы қаламгерлерімен қатар, Эдгар По, Артур Конан Дойл, Жорж Сименон, Уильям Коллинз тәрізді әлем әдебиеті алыптарының шығармаларынан нәр алып, өзі де қазақ көркемөнерінің өсіп-өркендеуі мен дамуына сүбелі үлес қосты. Сөйтіп, қазақ әдебиетінің қоржынына өлмес те өшпес мұра қалдырды. Қазақ әдебиетінің тарихында есімі алтын әріптермен жазылды. Оның қаламынан туған кітаптардың барлығы кезінде 450-500 мың таралыммен қазақ және орыс тілдерінде тасқа басылып, қолдан-қолға тимей оқылды. Шығармалары мұндай таралыммен жарық көрген қазақ қаламгерлері некен-саяқ.

Қазақ әдебиетінің детектив жанрын шырқау биікке көтерген қаламгердің бірі де бірегейі – Кемел Тоқаев. Ол ондаған болымды да толымды туындылар жазып қана қоймай, өзінің мектебін қалыптастырды. Оның ізінен еріп, бағыт-бағдар алған, сөйтіп, осы жанрда қалам тербеген жазушылар баршылық. Олар – Жұмабек Еділбаев, Әділ Дүйсенбек, Кәрім Баялиев, Болат Бодаубай, Талаптан Ахметжан, Ғабиден Құлахмет, Ерболат Жүсіпов, Шойбек Орынбай, Тұрдыбек Алшынбаев, тағы басқалар. Бұл қаламгерлердің шығармалары дәл Кемел Тоқаевтың туындыларындай мыңдаған таралыммен тасқа басылып, дүйім халық, мұқым елдің назарына ілікпегенімен, олардың да өз оқырмандары болды, өздеріне лайықты бағасын алды. Бірақ қабырғалы қаламгердің бағындырған биігіне жете алмады. Алайда бұл жазушылардың жаңа жанрда қалам тартып, өз соқпақтарын салуының өзі – қазақ әдебиеті үшін үлкен олжа.

Қазақстанның халық жазушысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Мұсафар Әлімбаев өзінің түйдей құрдасы Кемел



Тоқаев туралы айта келіп: «Өмірде ұзақ жылдар ізденіп жүріп, әдебиеттен өзін жаңылыспай тапқан, тек өзіне ғана тән оңтайлы өнерлігімен талай құнды кітаптар тудырған Кемел Тоқаевтың туған халқы терең махаббатпен еске алады. Рухани ізгі екінші ғұмыр деген – өне, сол», – деген екен. Сол айтқандай, кемел де кемел жазушының екінші нәмісін анық. Осы сөзіміздің айғағындай – 1996 жылы Үштөбе қаласындағы №1 орта мектепке Кемел Тоқаевтың есімі берілді. Сонымен қатар осы оқу ордасында ардагер-жазушы атындағы мұражай мен кеңсе, гүлзар мен саябақ бар. Аталған мұражайға 1998 жылы Тоқаев отбасы майдангер жазушының өмірінен сыр шертетін 30-дан астам жәдігерді тарту етіпті. Ол құнды жәдігерлердің ішінде жазушының алған орден-медальдары, пайдаланған жазу машинкасы, домбыра, Қазақ КСР Ішкі істер министрлігі арнайы сыйға тартқан алтын сағат, тағы басқа тұрмыстық заттары бар. Сондай-ақ 2021 жылы Астана қаласындағы Ұлттық академиялық кітапханада Кемел Тоқаев атындағы шығармашылық зал ашылды. Бірнеше жылдан бері қаламгер атындағы республикалық қоғамдық қор жұмыс істеп келеді. Алдағы уақытта жазушы туып-өскен, оқыған, еңбек еткен Талдықорған, Шымкент, Тараз, Алматы және Астана қалаларынан мектеп пен көше аттарын берсе, нұр үстіне нұр.

«Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі» дейді дана қазақ. Ендеше қалың елі – қазағы барда Кемел Тоқаев мәңгі жасары хақ,

Қансейіт ӘБДЕЗҰЛЫ,

филология ғылымының докторы, профессор, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты

СУРЕТКЕР БАҚЫТЫ БҰЙЫРҒАН ҚАЛАМҒЕР

Кемел Тоқаевтың ең тырнақалды әңгімелерінен бастап, соңғы жылдары жазылған роман, повестеріндегі басты кейіпкерлердің барлығы – қазақ ұлтынан шыққан ержүрек батырлар. Балаларға арнап жазған әңгімелері мен новеллаларындағы негізгі кейіпкерлер де ауылдан шыққан қарапайым қазақ балалары мен қыздары. «Қуаныш» атты әңгімесіндегі Жомарт пен Жаннат, «Жұлдызды жорықтағы» Болат пен Рая, «Нұрлы жолдағы» Сәуле, Бақыт, оның әкесі Серікбай, «Ауыл қызы» әңгімесіндегі Мәскеуден жоғары білім алып келген жас маман Жанар Ахметова болмаса соғыс тақырыбындағы туындысы – «Күнделік» әңгімесіндегі бас кейіпкер – танкист, барлаушы Алмас Айдаровтың ерлігі, іс-әрекеттері оқырман жадында жатталып қалады.

Кеңес кезінде, әдеттегідей, бас немесе басшы кейіпкерлер етіп орыс халқының өкілдерін енгізбеген қаламгердің туындыларының тағдыры қандай болғанын әдебиет тарихынан жақсы білеміз. Осы орайда, біз жазушы туындыларының шынайы, сыншыл реализміне, әлеуметтік астарына, таным-



дық-философиялық құндылығына да баса мән беруіміз керек. Кемел Тоқаев шығармаларының ұлттық сипатын, әсіресе кейіпкер таңдау, пейзаж, авторлық баяндаулар ұлттық құндылықтарға аса мән беретінін көптеген зерттеушілер, әдебиет сыншылары айтып, жазып келеді. Енді кеңес заманы тұсындағы қоғамдық-әлеуметтік өмірдің терең қатпарларын, кемшіліктерін, кеселдерін сол қоғамдағы адами, кісілік құндылықтарды сөз өнері арқылы, көркем шығарма арқылы көтере білген, бейнелей білген қаламгерлік ізденістеріне терең, танымдық зерттеулер жүргізетін мезгіл

келді. Себебі шынайы көркем шығарма еш уақытта заманға, уақытқа тәуелді емес. Қанша уақыт өтсе де, Мұхтар Әуезовтің, Жүсіпбек Аймауытовтың, Бейімбет Майлиннің, Төкен Әлімқұловтың прозалық туындылары бүгінгі оқырманның да қолынан түспей келеді. Қазіргі жас буын, жас ұрпақ та осынау қаламгерлердің қаламынан жүз жыл бұрын шыққан шығармаларды жатсынбайды.

Сонан соң, шынайы көркем туынды тақырыпқа да тәуелді емес. Шығарманың көркемдік сапасы, яғни көркемдік құндылығы ең алдымен авторының талантына, дарын күшіне тікелей тәуелді. Дарынды қаламгер қандай тақырыпқа қалам тербесе де, алдымен өзі бейнелеп, суреттеп отырған өмір шындығына, адамдар тағдырына терең бойлайды. Өмірлік шындықтың ең бір арналы ағысын, күре тамырын дәл аңғара білген қаламгерге ғана суреткер бақыты бұйырады. Суреткер бақыты бұйырған санаулы қазақ қаламгерлерінің бірі – Кемел Тоқаев. Мұны өзімен бір заманда ғұмыр кешкен майдангер қаламгер ағалары да аңғарып, кітаптарында баса көрсеткен екен.

Ғалия МАЙКОТОВА,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Баспасөз және электронды БАҚ кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымының кандидаты

ҚҰНДЫ ШЫҒАРМАЛАРЫМЕН ТАНЫМАЛ БОЛДЫ

Журналист, жазушы, қоғам қайраткері Кемел Тоқаевтың детективтік жанрда жазылған туындыларының бірі – «Солдат соғысқа кетті» романы. Роман оқырман жүрегіне нақтылығымен әрі шынайылығымен жол тартты. Кеңес билігінің агрессияшыл саясатының өсерінен соғыстың алғашқы жылдарында қисапсыз қырғынға ұшыраған халықтың, боздағынан ерте айырылған ана мен әкенің жантүршігерлік жағдайы туралы айтуға да, жазуға да тыйым салынды. Романның бас кейіпкері, он сегіз жастағы Мұхамедтің өке-шешесі мен іні-қарындастан ерте айырылып, жанына жақын адами қалмаған еді. Оның үстіне қазақ даласын аштыққа ұшыратқан Кеңес өкіметінің сойқан саясатына шыдай алмай, Жетісудің Қаратал бойындағы құтты мекендерін тастап, үйіріле көшкен жұрттың ішінде Мұхамедтің отбасы да бар болатын. Бір отбасының шаңырағы ортасына түсіп, Мұхамед пен ағасы ғана балалар үйінде жан сақтап қалады. Осылайша шығармада балалар үйінен кейінгі



трагедиялық өмірдің жай-жапсары тізбектеліп баяндала түседі. Осы тұста кеңестік цензураның шындықты, яғни халықты аштыққа ұрындырып, геноцидке ұшыратқан сұмдық оқиға туралы жария қылмауының сыры да түсінікті еді.

Романның басты идеясы – соғыстың адамзат баласы үшін опасыз ойран екендігін, оның адам өміріне қиянат пен қатыгездік сыйлайтынын білсе де, нағыз елін, жерін қорғайтын азамат үшін кісілік пен ізгіліктің, ақыл мен парасаттың ешқашан жоғалып кетпейтін-

дігін көрсету болмақ. Мұнда жазушы Кемел Тоқаев адам баласы жер бетінде қанша өмір сүрсе де, ата-балалардан мұра болып қалған тектілік, пайым мен парасаттан еш алшақтай алмайтынын бейнелеуге тырысады.

Жазушы Кемел Тоқаевтың қалам тартқан әрбір туындысы қоғам назарын өзіне аударып, халықтың кітап оқуға деген құштарлығын арттыра түсті. Оған дәлел – Қазақстандағы баспа саласын басқарған профессор Ш.Елеуқенов Кемел Тоқаевтың 450 мың данамен тараған кітабы турасында: «М.Әуезов шығармалары да мұндай тиражбен шықпаған еді», – деген болатын.

Дүниеге құнды шығармаларымен танымал болған дана дара тұлға Кемел Тоқаевтың көркем-әдеби туындыларын бүгінгі ұрпақ қадір тұтып, әрдайым жоғары бағалайды. Иә, өке мен бала арасындағы сағыныштың белгісіндей болған туындылар ел арасындағы береке мен бірлікті, патриотизм мен ұлтжандылықты қалыптастыра беретініне кәміл сенеміз.

Біздің бүгінгі қонағымыз, елімізге белгілі экономикалық журналист, қоғаммен байланыс маманы, профессор Жетпісбай Бекболатұлы Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ табалдырығын 1988 жылы аға оқытушы ретінде аттағаннан бергі 35 жыл ішінде қара шаңырақпен байланысын үзген жоқ. 1990 жылдары қаржы-банк саласы мен мемлекеттік мекемелерде баспасөз қызметінің басшысы, Ақпарат министрлігі департамент директорының орынбасары, Алматы қалалық ақпарат басқармасының бастығы сияқты лауазымды орындарда абыроймен еңбек етті. 2018 жылы университетіміздің баспагерлік-редакторлық және дизайнерлік өнер кафедрасының меңгерушісі, профессор дәрежесінен зейнетке шықса да, қаламын тастамай, оқу құралдары мен сөздіктер жазып, жас ұрпақты тәрбиелеу ісіне белсене атсалысып келеді.

– Жетпісбай Бекболатұлы, соңғы 30 жылдың ішінде журналистика саласында пайда болған жаңа кәсіптердің бірі – қоғаммен байланыс. Сіз халықаралық қауымдастық PR деп айшықтаған осы тың мамандықты алғаш-

лім, мен бұл ретте ол кісі республикалық Төтенше жағдайлар министрлігін басқарғанда баспасөз хатшысы болғаныңды меңзеп отырмын.

– Алғаш кәсіби «PR-шы» клубы сол жылдары құрылды емес пе?



PR мамандығының екінші тынысы ашылды

қылардың бірі болып игеріп, оның теориясы мен тәжірибесін зерделеп, тарихын жазған адамсыз. Ана тілімізде жарық көрген он шақты оқу құралдарыңыз бен сөздіктеріңізді бүгінде студенттер игілігіне тұтынып жүр. Сондықтан «PR-шы» мамандығының іргесін қалаған адамдардың бірі ретінде тарихта қалатындардың бірісіз. Осы саланың өткеніне үңіліп, бүгіннен қысқаша мағлұмат берсеңіз.

– Иә, жылжыған жылдарға көз салсам, кәсіби және ғылыми-педагогикалық қызметімнің елеулі бөлігі тілге тиек етіп отырған осы мамандықпен тығыз байланыста болыпты. Қазақстандағы PR-дың қоғамдық институт ретінде негізінің қалануы көз алдыда өтті. Бұл еліміз тәуелсіздікке нық қадам басқан, ал Президент баспасөз қызметі конференцияларды Мәскеуге жалтақтамай, тікелей өздері өткізе бастаған 1991 жылдың соңы еді. Сол кездегі астана – Алматы қаласы әкімдігінің құрылымына еліміз аймақтарының арасында алғашқы болып қоғаммен байланыс бойынша жетекші маман санаты енгізілді, кейіннен ол бас маман деңгейіне көтерілді. Сол жылы қараша айында журфакта сабақ беріп жүрген мені журналистермен қарым-қатынас жасауды және қазақша-орысша аударманы меңгерген кадр ретінде Алматы қалалық әкімдігіне жұмысқа шақырды. Ол кезде әкім көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Заманбек Нұрқаділов болатын. PR тұрғысынан келгенде демократиялық өзгерістер лебі ескен бұл тұста қай деңгейдегі болсын басшылардың есігі БАҚ үшін ашық болатын. Сөйлер сөзге келгенде Зәкең қамшы салдырмайтын, дегенмен спичрайтер ретінде басшымыздың кейбір сөздерін, жарияланымдарын дайындап жүрдік. Кейіннен, 1997 жылдың желтоқсанында Алматы облысының әкімі болып тағайындалғанда Заманбек Қалабайұлымен тағы да бір командада жұмыс істеп, әкімнің баспасөз хатшысы ретінде облыстың баспасөз қызметіне басшылық жасадым. Талапшыл басшы Нұрқаділовтің жұмыс стилі өзіңе де жақсы мә-

– Иә, оған мүше болғаным биыл, міне, ширек ғасыр толыпты. Бұл клуб жыл сайын қоғаммен байланыс саласы мәселелері талқыға салынатын форумдар өткізіп, «Бозқараған» атты студенттердің PR-жобалары байқауын ұйымдастырады. Соңғы кезге дейін клубтың қазақтілді жалғыз мүшесі болдым, сондықтан да жыл сайын білікті мамандар мен корпоративтік БАҚ-қа берілетін «Ақ мерген» атты сыйлығымызға ат қойып, айдар тағу үлесі маған бұйырды. Биыл да сыйлықтың қазылар алқасына кіріп, жүлдегерлерді айқындауға атсалыстым.

– Сіздің шетелдік журналистикамен жұмыс істегеніңізді де білеміз...

– Тағдырдың жазуы болар, сексенінші жылдары одақтық-республикалық бағыныстағы Сыртқы істер министрлігі мен ТАСС жүйесінде шетелдік журналистермен және дипломаттармен қоян-қолтық араласып, сырттағы тілшілерімізден түскен ақпаратпен жұмыс істедім. Ол кезде өзге мемлекеттердің БАҚ өкілдері капиталистік және социалистік елдерден келген болып бөлінетін-ді. Журналистерді тіркеумен айналысып, оларға арнап баспасөз конференцияларын ұйымдастырдым, жинаған тәжірибенің кейіннен Польшада халықаралық журналист болып істегенімде де көп көмегі тиді. Менің айналысқан шаруам шын мәніндегі PR қызметі еді. Мамандық тарихына қатысты осы және басқа да мағлұматтарды 2021 жылы жарық көрген «Қазіргі заманғы баспасөз қызметі» атты кітабымда келтірдім. Осылайша қоғаммен байланыс саласының ыстығына күйіп, суығына тоңып келе жатқанымға қырық жыл болыпты. Мұның өзі, келешекті қайдам, бүгінгі безбендеп, өткенге көз жіберуге мүмкіндік беретіні рас.

– PR қызметі еліміздің жағымды бет-бейнесін жасауда, экономикалық қарым-қатынастарды жетілдіру мен әлеуметтік-саяси үдерістерді реттеп отырады. Алайда осы мамандық бойынша кадр даярлау бір кездері ресми доғарылды. Сіз бір мақаланыңда PR-ды республикалық классификаторға 2007-2010

жылдары Білім және ғылым министрі болған қазіргі ректорымыз, филология ғылымының докторы, профессор Жансейіт Түймебаев енгізгенін жазған едіңіз...

– Ол былай болды. Кезінде қоғаммен байланыс бойынша мемлекеттік стандарттар конкурсын жеңіп, типтік оқу бағдарламаларын жасау құқығына ие болған Алматы халықаралық журналистика институты объективті жағдайларға байланысты жабылып қалды да, бұл мамандық классификатордан алынды. Сөйтіп, PR бойынша білім беру 2004 жылдан тоқтатылып қалған. Бұл тұста Алматы қалалық ақпарат басқармасының басшысы және журфакта «почасовик» сабақ беріп жүрген маған оның себеп-салдарлары жақсы мәлім еді. Әдетте мұндай кездері жоғары жаққа хаттар, үндеулер жазамыз ғой. Біз де солай істедік. 2006 жылы бір кезде өзім еңбек еткен Мәдениет және ақпарат министрлігінен қаржылай қолдау алып, Астанадағы Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінде «Қазақстан қоғамындағы ақпараттық процестер: менеджмент және маркетинг» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өткіздік. Конференцияның мамандықты қайтадан ашу жөніндегі қарарын хаттап, Білім және ғылым министрлігіне жөнелттік. Министрліктер бір-бірінің уәжіне құлақ асар деген дәме де. Бірақ үмітіміз ақталмады.

Содан 2007 жылдың басында білім саласын басқару тізгінін Жансейіт Қансейітұлы қолына алған соң, жолдаған хатымызға министрдің қоғаммен байланыс жөніндегі кеңесшісі Аяған Сандыбай арқылы «көзқарасты көпшілікті құлақтандырып, қоғамның пікірін алға тарту керек және оқу құралын әзірлеу артық болмас еді» деген жауап жетті. Сөйтіп, жоғарыда аталған «PR-шы» клубының, Қоғаммен байланыс жөніндегі ұлттық ассоциацияның және Қазақстан Баспасөз клубының басшыларымен кеңесе отырып, бірқатар шараларды қолға алдық. Атап айтқанда, «Жұртшылықпен байланыс мамандығы: қамқорлық қажет» деген тақырып-

пен министрлік назарына Ашық хат жолдадық («Экономика» газеті, 18 сәуір 2008 ж.). Қазақстан Баспасөз клубының президенті Әсел Қарауылова екеуміз 23 сәуірде университеттің журналистика факультетінде сол кездегі декан Бауыржан Жақып пен кафедра меңгерушісі Шарбан Нұрғожинаның басшылығымен оқытушылар мен студенттерді, мамандарды қатыстыра отырып, «Қазақстандағы PR білімі проблемалары» тақырыбында дөңгелек үстел өткіздік. («Экономика» газеті, 2 мамыр). Осы құжаттардың басын қосып, «Жұртшылықпен байланыс» мамандығын Қазақстан Республикасының бакалавриат және магистратура, докторантура мамандықтары классификаторына енгізу» жөнінде өтініш айтылған үшбу хатпен бірге министр Жансейіт Түймебаев атына жолдадық. Ол кісі тарапынан мамандық бойынша әдістемелік құралдарға қатысты сауал туындаған соң, жазылып біткен «Жұртшылықпен байланыс» атты оқу құралымыздың қолжазбасы мәртебелі комиссияның қарауына жөнелтілді.

– Сонымен...

– Сонымен, министр Ж.Түймебаевтың бұйрығымен 2009 жылғы наурыз айында ҚР жоғары және жоғары оқу орындарынан кейінгі білім классификаторына қоғаммен байланыс бакалавриат, магистратура бойынша кадр даярлайтын мамандық ретінде енді. Осы бұйрық бұл мамандыққа екінші ғұмыр берді. Өзің атап өткендей, бұл жөнінде мен жазып та, айтып та жүрмін. Бүгінгі күн биігінен қарағанда, еліміздің PR-қауымдастығы кәсібімізге қамқорлық танытып, тынысын ашқан Жансейіт Қансейітұлына борыштар деп ойлаймын. Жеке адамның емес, қоғамның мүддесін қозғайтын, тұтас бір ғылым мен білім саласына қатысты болғаннан кейін, студенттеріміздің бұл жайтты біліп жүргені ләзім. Келесі, 2024 жылы PR мамандығының республикалық білім сыныптамына қайтадан еніп, қатарға қосылғанына 15 жыл толады. Бұл аз уақыт емес, барды базарлап, жоққа сұрау салатын, келешекке көз жіберетін мерзім екені ақиқат.

– Біраз тарихты таразыға тартқаныңызға рақмет. Енді қоғаммен байланыс бойынша жарық көрген еңбектеріңізге тоқталсаңыз.

– Кез келген білім саласының тұғыры оның ұғымдық аппаратына, яғни түсініктері мен терминдеріне негізделеді. Ал ұғымдық аппарат болса ғылыми мақалалар, монографиялар, оқулықтар жазу, диссертациялар қорғау жолымен қалыптасады, сөздіктер түзу арқылы жүзеге түсіріледі. Жеке өзіме келетін болсақ, қоғаммен байланыс және онымен қанаттас жарнама және брендинг, баспасөз қызметі салалары бойынша бірқатар оқу құралдары мен оқулықтарды, бірқатар сөздіктерді жаздым. Атап айтқанда: 2009 жылы «Жұртшылықпен байланыс», «Жарнама негіздері», 2010 жылы «PR және жарнама», 2012 жылы «Жұртшылықпен байланыс. Жарнама, Брендинг», 2013 жылы «Қоғаммен байланысқа (PR) кіріспе», «Жарнама өнері», «Ел брендингі», 2021 жылы «Қазіргі заманғы баспасөз қызметі» атты кітаптарым «Экономика» және «Қазақ университеті» баспаларынан жарық көрді. Бұл басылымдарда сондай-ақ экономикалық бағыттағы сөздіктерімде қоғаммен байланыс пен жарнамаға қатысты терминдердің анықтамалары берілген. Қазақстандағы қоғаммен байланыс бойынша өзім мұрындық болған бірнеше ғылыми конференция өтті.

– Бүгінде әрбір ведомствода қоғаммен байланыс қызметі бар, сондықтан жоғары білім беру орындарында PR бойынша диссертациялар жазылып жатқан шығар?

– Бұл өлі де жетілдіруді қажет ететін мәселе. Бұдан бірер жыл бұрын менің бір магистрантым «Қазақстанда қоғаммен байланыстың қалыптасу және даму кезеңдері: коммуникологиялық көзқарас» тақырыбында диссертация жазды. Сөйтсем, болашақ ғалым менің 2009 жылы шыққан «Жұртшылықпен байланыс» атты оқу құралымыздың тұтас тарауларын көшіріп, қорғау алдында ғана ұсынып тұр. «Өз бидайыңды өзіңе қуырып беру» деген осы болса керек. Бұл, ашығын айтсақ, екі жыл бойы магистратурада оқып, шәкірт тәрбиелейтін ұстаз болғалы тұрған талапкердің қазіргі таңдағы PR қызметі бүгінде «жұртшылықпен байланыс» емес, «қоғаммен байланыс» деп аталатынынан мүлдем бейхабар екенін көрсетеді. Мұндай «жиендердің» антиплагиат жүйесін қалай айналып өтіп, мемкомиссияға қалай жететіні назарға алынуы керек деген пікірдемін. Осы орайда, «кімді оқытып жүрміз, кім оқытып жүр» деген орында сауал туындайды. Ұлт тәрбиешісі Ахан-айтқандай, кәсіптегі адалдық өмірдегі тазалықтан бастау алатынын ұмытпауымыз керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың үстіміздегі жылғы Қазақстан халқына жолдауында Абайдың «толық адам» ілімінен бастау алатын «адал азамат» тұжырымдамасын ұсына келе, «жастар адалдық, әділдік сынды ең басты қасиеттерді бойына сіңіруі қажет» деп атап өткені бұл пікірді қуаттай түседі.

– Фибратты сұхбатыңызға рақмет. Шығармашылығыңызға табыс тілеймін!

Әңгімелескен
Қайыржан ТӨРЕЖАН

Көрсеткіштер елдің тұрмысынан хабар бермейді

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев жаңа Қазақстанды құру жолында еліміздің дамуына экономиканың тікелей маңыздылығын алға тартып отырады. Соның бірі – Президентіміздің 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған кезекті «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауындағы экономикалық толғақты мәселелер. Жолдау аясында Президент осы уақытқа дейін атқарылған жұмыстардың ең маңыздыларын: зейнетақы жүйесіндегі қаржының бір бөлігін халыққа жұмсауға рұқсат берілгені, «Жайлы мектеп» жобасы бойынша ел өңірлерінде 400-ге жуық мектеп салынатыны, сонымен қатар келесі жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсуін қарастыратын «Ұлттық қор – балаларға» жобасы жайлы атап өтті.

Жолдауда көтерілген ең өзекті мәселенің бірі – макроэкономикалық саясатты жаңарту. Мұны табысты жүзеге асырудың басты шарты макроэкономикалық тұрақтылық және қаржы, салық-бюджет, сондай-ақ ақша-несие саясатын үйлестіру болып саналады. Президентіміз бюджетті реформалау бойынша жаңа кодекстің қабылданатыны, демографиялық ахуалды реттейтінін, жалақының ең аз мөлшері жылдан-жылға өсетіні және тағы да басқа әлемдегі саяси-экономикалық, геосаяси жағдайлардың тұрақсыздығына қарамастан, еліміздің экономикалық жағдайы алға қарай жылжығанын, ел экономикасының негізгі бағыттары бойынша көрсеткіштердің өскенін атап өтті. Әсіресе жалпы ішкі өнім 104 триллион теңге болғанын, елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылғанын, сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жеткенін, сонымен қатар қорымыз 100 миллиард долларға жуықтағанын атап өткен еді.

Әрине, 2022 жылғы аталған статистикалық көрсеткіштер көз қуантпай қоймайды. Дегенмен үкіметтің басты назары статистикадағы, қағаз жүзіндегі жоғары жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсартуға негізделуі тиіс. Яғни айтқым келгені, қанша жерден

экономикамыз дамыса да, халқымыздың жағдайы, әл-ауқаты жақсармаса, онда мемлекет қабылдаған көптеген саяси реформалардың, жасалып жатқан іс-шаралардың мәні қандай болмақ?!
Макроэкономикалық көрсеткіштер (ЖІӨ, ЖҰӨ, ТҰӨ) ел экономикасының шын бет-бейнесін нақты бағалап бере алмайды. Яғни бұл көрсеткіштерге қарап «елдегі халықтың тұрмысы, әл-ауқаты осындай деңгейде екен» деп айту да қиын.

Қазіргі кезде еліміздің экономикалық тұрғыда жоғары деңгейде дами алмай отырғанының себебі өте көп. Бүгінгі басты міндет – жолдауда Мемлекет басшысы тоқталып өткендей, еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан шетел инвестициясына қарағанда, отандық өнімді, отандық өнім өндірушілерді қолдауға, кәсіпкерлікті ынталандыруға баса мән беріміз қажет. Өйткені қазіргі жағдайды алып қарасақ, мемлекет сан мың тауарды шетелден алып отыр. Осы жағдайды ескеріп, еліміздегі отандық кәсіпорындардың, фирмалардың қатарын көбейткен абзал. Бізді түрлі тауармен сырттан өзге елдің қамтамасыз еткенінен гөрі, өзіміз өнім өндіріп, оны шетелге экспорттап, содан пайда тапқанымыз өте тиімді болады.

Елімізде өнеркәсіптік негізді қалыптастырып, экономикамыз мемлекетті толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету үшін отандық тауар өндірушілерді қорғау бойынша Президенттің ұсынысы бұл бағытта тың серпін береді деп ойлаймыз.

Сонымен қатар жолдауда ел игілігі үшін басқа да мынадай маңызды экономикалық мәселелер қозғалды, олардың ішінде: елдегі банктер арасындағы бәсекелестікті күшейту (осы мақсатта елімізге шетелдік үш банк тартылатын болды); банктерді корпоративті несие беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру (тек жеке тұлғаларды немесе тұтыну несиесі ғана емес, корпоративті клиенттерді несиелендіру); экономиканың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу; отандық өнім өндірушілерді қорғау, сондай-ақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау; 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы 85 мың теңге болуы; бес жастан асқан балаларға «Келешек» деп аталатын бірыңғай ерікті жинақтау жүйесін енгізу; ауыл шаруашылығын дамыту (шағын шаруашылықтарды қолдау және тозған техникаларды жылына 8-10 пайызға жаңарту); Қазақстанды IT мемлекетке айналдыру; көлік-логистика саласын дамыту; ірі өндіріс компанияларына бес жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жүргізу және т.б. бірнеше өзекті тақырып қозғалды.

Қорыта айтқанда, жолдаудың басым бағыты экономикаға негізделгенімен, барлық экономикалық іс-шаралардың нәтижесі халықтың жағдайына тікелей әсер етуге тиіс.

Айжан СӘРСЕНҚЫЗЫ,
экономика ғылымының кандидаты
Экономика және бизнес жоғары мектебі

Мемлекет басшысының биылғы жолдауы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталды. Жолдаудың отандық экономиканы жетілдіруге арналуы түсінікті жағдай. Өйткені еліміздің шаруашылығы мықты, берік болса, басқа өзектес салалар да қарқынды дамымақ.

Жасыл экономикаға жете мән берілді



Өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былай деді: «Қазіргі таңдағы ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыздың арқасында өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет. Біз ел тағдыры үшін айрықша мәні бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Осы орайда, металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тыңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде өңделген өнім шығаратын кластер құру керек».

Осы орайда, менің айтқым келетіні, біз де шамамыз келгенше Мемлекет басшысы көтерген өзекті мәселеге өз үлесімізді қосудамыз. Қазақ ұлттық университетінің химия және химиялық технология факультетінде «Химик-технолог», «Химиялық инженерия», «Мұнайхимия», «Мұнай-газ ісі» мамандығы бойынша жыл сайын бакалавр, магистр, PhD мамандарды даярлап шығарудамыз. Президент жолдауында көтерілген мәселеге сәйкес, біз даярлаған кадрлар еліміздің түрлі өнеркәсіп, өндіріс салаларында қызмет атқаруда.

«Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың

мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының өншісінде. Елімізде де бұл бағытта біршама жұмыс атқарылды. Жаңа Экология кодексі және Көміртегі бейтараптығына қол жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды. Соңғы бес жылда жаңартылатын энергетиканың елімізде өндірілетін қуаттың жалпы көлеміндегі үлесі 5 пайызға жуық өсті. Сутегіден қуат өндіру ісін дамыту қажет. Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту ісінің маңызы арта түсуде», – деді Қ.Тоқаев.

Осы жерде айта кеткен жөн, Мемлекет басшысының жолдауында көтерілген мәселеге сәйкес, соңғы жылдары ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен «Жас ғалым», «Ғылыми және ғылыми техникалық жобалар бойынша жас ғалымдарға арналған гранттық қаржыландыру», «Ғылыми және ғылыми-техникалық мақсатты ғылыми қаржыландырулар» байқаулары жарияланып, кафедралардың бірнеше жас ғалымдары мен оқытушы-профессорлар құрамы көптеген жобалардың жетекшілері атанды. Сөйтіп, жасыл экономика мәселесіне ғылыми тұрғыдан зор үлестерін қосуда.

Гүлбану ЖАҚСЫЛЫҚОВА,
Физикалық химия, катализ және мұнайхимия кафедрасының доценті

Ел Президентінің дәстүрлі жолдауы мемлекетіміздің болашақ дамуы мен ертеңгі күнге бетбұрысын айқындап берді. Әрине, мемлекеттің, оның ішінде экономиканың барлық саласының дамуы ел тағдыры үшін маңызды.

Қазіргі заман – білімді жастардың заманы. Жолдауда Мемлекет басшысы «Дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек» деді. Жас буынға білім беру жолында еңбек етіп жүргендіктен, білім саласында болып жатқан барлық өзгерістер мен жаңалықтар менің жаныма жақын. Сондықтан Қасым-Жомарт Кемелұлы көтерген әр мәселе қоғам тарапынан қолдау тауып жатса, қуанамыз. Ең бастысы, оған өзіміз себепкер болғанымыз

Жастарды жігерлендірген жолдау

жөн. Жастардың креативті іс-қимылына әркім өз саласында қолдан келгенше қамқорлық танытса, соның өзі үлкен де-меу.

Ел дамуындағы ең өзекті деген мәселелерге тоқталған Президент жасанды интеллектті дамытуға баса назар аудару керектігін де еске салды. Сонымен қатар Президентіміз жылдағы жолдауында айтуға жалықпайтын тағы бір мәселе – суды тиімді пайдалану. «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15



миллиард текше метрге жетуі мүмкін», – деді Президент. Шынында да, суды тиімді пайдаланған абзал. Елдегі су көздерін зерттеп, оны ұқыпты пайдаланудың амалын осы бастан қарастырмасақ, күні ертең бармақ тістеп қалуымыз бек мүмкін. Мемлекет басшысы айтқандай, тұрмыстық сана мен мәдениетті жетілдіру керек. Ол үшін бүгінгі ұрпақты

мектеп қабырғасынан суды ұқыпты пайдалануға бейімдеуге тиіспіз. Сондықтан бізге қойылатын талаптардың бірі – сапалы тәрбие беру. Жастардың ғылымға ден қоюшылығын оята білу, дұрыс бағыт-бағдар беру – біздің басты құндылығымыз. Еліміздің дамуы мен жаңаруы жолында бар күш-жігерімізді сала отырып, еңбек ету – біздің басты парызымыз.

Ел Президенті жолдауының түйіні ретінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Білімді болуға оқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік пенен білім керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген даналық сөзімен бекітті. Қазіргідей жаңарған жаңа заманда еліміздің әрбір азаматы жоғары білім мен табанды еңбектің нәтижесінде ғана биік белестерден көрінетінін Мемлекет басшысы ашық жеткізді. Ел азаматтарын Отанымыздың алдында адал қызмет етуге, терең білім алып, ерінбей еңбек етуге шақырды. Жолдау болашағымыздың іргесін нықтауға міндеттейді. Ендеше қуатты Қазақстанды бірге құрып, елдің әл-ауқатын жақсарту жолында жемісті жұмыс істеп, ерінбей еңбектенейік.

Жазира ЖҮНІСБАЕВА,
Молекулалық биология және генетика кафедрасының меңгерушісі

Қазақстан бүкіләлемдік қоғамдастықтың мүшесі ретінде, әріптестік пен бейбітшілік жағдайында тұрақты және үдемелі өсуді, әлеуметтік интеграцияны және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз етуге ұмтыла отырып, жаһандық климаттық өзгерістерге бейімделу жолдарын белсенді дамытуда.

Климаттың өзгеруімен күрес саясаты

2023 жылдың басында «Қазақстан Республикасының көміртегі бейтараптығына қол жеткізуінің 2060 жылға дейінгі стратегиясы» қабылданды. Оның алдында «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасын» іске асыру, индустриялық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу және енгізу, БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру жөніндегі үлкен және көпсалалы жұмыс жүргізілген.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Абу-Даби-де (БАӘ, 2023 ж.) өткен Тұрақты даму жөніндегі саммитінде: «Қазақстан көміртегі бейтараптығына қол жеткізу бойынша ұзақ мерзімді міндеттеме-лер қабылдады. Шын мәнінде біздің ел Париж келісімін алғашқылардың бірі болып ратификациялады. Осыдан кейін біз экономиканы әртараптан-дыруға және жаңартылатын энергия көздері мен тұрақты технологияларды ілгерілетуге бағытталған өршіл, бірақ ойластырылған саясатты тұжырымдадық», – деп атап өтті. Климаттың өзгеруінің салдарына бейімделуге бағытталған төмен көміртекті саясатты іске асыру жан-жақты болуы және экономиканың әртүрлі секторларын қамтуы тиіс және ғылыми, технологиялық және кәсіби кадрлармен қамтамасыз етуді трансформациялау міндеттері бұл ретте шешуші рөл атқарады.

Жоспарланған тұрақты даму мақсаттарын уақтылы жүзеге асыру үшін Қазақстанға және әлемнің басқа елдеріне озық технологиялар саласындағы жоғары білікті мамандар, менеджменттер мен ғылыми қызметкерлер қажет. Олардың сапалы дайындығын университеттер қамтамасыз етуі тиіс. Университеттер өз зерттеулерін, саяси ұсыныстарын және студенттерге білім беру арқылы көміртегі бейтараптығы мен тұрақтылыққа қол жеткізу мәселелерін шешуде жетекші рөлдердің бірін атқарады.

Осыған байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті халықаралық байланыстарды белсенді дамытып, көшбасшылық позицияны иеленуде. Сонымен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті елдегі және аймақтағы United Nations Academic Impact (UNAI) бағдарламасына енген алғашқы университет болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті БҰҰ-ның RIO+20 жаһандық форумына арналған іс-әрекеттер бағдарламасы бойынша халықаралық консультацияларға белсенді қатысты, Азия, Еуропа және



Латын Америкасы университеттерінің қатысуымен тұрақты даму үшін білім беру жөніндегі жеке панельдің бастамашыларының бірі болды. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тұрақты дамуды ілгерілету жөніндегі RIO+ 20 университеттерінің декларациясына алғашқылардың бірі болып қол қойды, Green Bridge through Generation виртуалды-коммуникативтік платформасы құрылды www.greenbridge.kaznu.kz.

Жаһандық қауымдастықтың бір бөлігі ретінде университет тұрақты дамудың барлық мақсаттарына қосқан үлестің бір бөлігі ретінде климаттық мәселелерді шешу үшін іргелі жұмыстарын жүргізуде. Университет ғалымдарының ғылыми зерттеулері қазіргі климаттың жаһандық және өңірлік өзгерістерімен; Қазақстанның климаттық жағдайымен; Қазақстан Республикасының ауа бассейнінің жай-күйімен; климаттың байқалатын және күтілетін өзгерістерінің өзен экожүйелеріне әсерімен және т.с.с. ғылыми-зерттеу жұмыстарымен байланысты. Университеттің профессор-оқытушылар құрамының, жас ғалымдарының зерттеу нәтижелері Scopus және Web of Science базаларында индекстелетін монографиялар мен ғылыми жоғары рейтингтік басылымдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынатын басылымдар тізбесінде жарияланады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім беру бағдарламалары университеттің климаттың өзгеруі, қоршаған ортаны қорғау және тұрақты даму саласындағы тәжірибелерін айқын көрсетеді. Студенттерге тұрақты дамуға байланысты тағылымдамалар мен оқу пәндерінің мүмкіндіктері ұсынылады, ал студенттік қоғамдар бірінші болып ашық сағаттар өткізеді. Университет студенттерді әлеуметтік жауапты әлем азаматты ретінде қалыптастыру мақсатында осы мәселелерді шешу үшін дағдыларды дамытуға ба-

ғыт алған. Айта кететін болсақ, студенттер тұрақты даму мақсаттарымен сала бойынша пәндерінде терең танысады; таза энергиямен және климаттың өзгеруімен байланысты пәндерді оқуға мүмкіндіктері бар; климаттың өзгеруіне қар-

сы күрес, тұрақты даму салалары бойынша тәжірибені, соның ішінде қоғамдастықпен оң қарым-қатынасты орнатуға мүмкіндік беретін бірқатар пәнаралық модульдер ұсынылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті ҚазҰУ қалашығында көміртегі шығарындыларын азайту және биоәртүрлілікті арттыру бағдарламасына баса назар аударады. Климаттың өзгеруімен күресу бойынша университет саясаты ҚазҰУ қалашығында энергия тиімділігін жақсартуға, көгалдандыруға, инфрақұрылымын дамытуға, сонымен қатар елдің экожүйесіне интеграциялануына ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін енгізу негізделген. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «ЭКО офис» авторлық тұжырымдамасын құру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде <https://greenoffice.kaznu.kz/>, энергия, ресурс үнемдеу, қалдықтарды азайту және экологиялық таза өндіріс жөніндегі іс-шараларды қамтитын әзірленген бірегей критерийлерге негізделген.

Бұл бағдарламаның мақсаты – жұмыс, білім беру орындарында экологиялық жайлылықты арттыру, экологиялық және төмен көміртекті өмір салтына көшу, климаттың өзгеруіне қарсы күресте озық жасыл технологияларды тарту және насихаттау, сондай-ақ университет қызметкерлері мен студенттер арасында экологиялық сананы қалыптастыру.

ҚазҰУ қалашығында энергияны тұтыну мен шығарындыларды азайту университеттің климаттың өзгеруіне күресу саясатының басымдықтарының бірі болып қала береді және бұл мәселені энергияны тиімді басқару және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланудың ең ұтымды инновациялары арқылы жалғастырамыз.

Айна РЫСМАҒАМБЕТОВА, PhD, география және табиғатты пайдалану факультетінің ғылыми-инновациялық қызметі және халықаралық байланыстар жөніндегі декан орынбасары

Шанхай жәрмеңкесінде алты жоба ұсындық



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 23-ші халықаралық CIIF (ҚХР) өнеркәсіптік жәрмеңкесіне қатысып, онда ЖОО алты ғылыми-инновациялық жобаны ұсынды.

Айта кетерлігі, халықаралық көрме Шанхай қаласында әр күзде өткізіледі және оның негізгі бағыты – көпшілікке брендтік өндірістік жабдықтарды таныстыру. Көрмеге 3000-ға жуық компания мен ұйымдар, оның ішінде әлемнің 100 университеті қатысты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылым және инновация департаментінің директоры Жолдас Бөрібаев атап өткендей, CIIF халықара-

лық өнеркәсіп жәрмеңкесі ірі көрмелердің бірі, сондай-ақ Қытайдағы экономикалық және сауда алмасу мен ынтымақтастық үшін маңызды алаң болып табылады. «Университеттер үшін арнайы көрме аймағы бөлінді. Бүгінгі таңда мұндай салалық жәрмеңкелер университеттер өздерінің ғылыми-техникалық инновациялық жобаларын көрсете алатын және тәжірибе алмасатын ең ықпалды алаңдардың біріне айналды».

Іс-шара барысында Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Шанхай университетінің Hi-Tech Park технопаркімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

Гүл БАЯНДИНА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасында Еуропалық Орталық Азия зерттеулер қоғамы (ESCAS) мен ҚазҰУ-дың ұйымдастыруымен «Үздіксіз дамудағы Орталық Азиядағы билік, адамдар және мәдени өзгерістер» атты ESCAS 2023 аймақтық конференциясы өтті.

ESCAS 2023 аймақтық конференциясы өтті



Конференция жұмысы Әл-Фараби кітапханасында панельдік сессияның ашылуымен басталды. Онда қатысушылар саяси басқару, әлеуметтік даму, мәдени әртүрлілік, экономикалық тұрақтылық және экологиялық тұрақтылық сынды әртүрлі тақырыптарды талқыға салды. Ғалымдар Тұрақты даму мақсаттарына байланысты өздерінің зерттеулер мен тәжірибелік мысалдарын ұсынып, ғылыми баяндамалар жасады. Орталық Азия зерттеулерінің Еуропалық қоғамының (ESCAS) президенті Абел Полес өз сөзінде: «Белгілі шетелдік сарапшылардың басын біріктірген диалог алаңы әлемдік ғылыми-білім беру кеңістігінде ҚазҰУ рөлін айтарлықтай арттырады», – деп, ҚазҰУ басшылығына шараның жоғары деңгейде ұйымдастырылғанына алғысын білдірді.

«Бүгінгі шараға қатысушылардың көпшілігі Еуразия мен Орталық Азия кеңістігін зерттеуші жетекші ғалымдар. Шараның ауқымы кең әрі пәнаралық ынтымақтастық үшін өте қолайлы. Бұл ҚазҰУ-дың

халықаралық деңгейде танылуына оң ықпал етеді», – деді философия және саясаттану факультетінің деканы Бекжан Мейірбаев.

Жиын жұмысына Орталық Азия, Еуропа, Канада, АҚШ елдерінен 300-ге жуық ғалымдар мен сарапшылар қатысты.

Шара аясында 50 панельдік сессия жұмысы өтті. Онда ғалымдар Орталық Азиядағы билік, адамдар мен мәдени өзгерістерге байланысты заманауи сын-қатерлер мен әлемде орындалып жатқан оқиғалардың Біріккен Ұлттар Ұйымы белгілеген тұрақты дамудың 17 мақсатына қол жеткізуге әсерін жан-жақты талқылауда.

Сондай-ақ әртүрлі елдер ғалымдарының «Орталық Азиядағы және азаматтық қоғамдағы әйел рөлі», «Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық құрылымындағы әйелдердің мәртебесі», «Қазақстандағы Стамбул конвенциясы», «Гендерлік теңсіздік» және басқа да тақырыптардағы ғылыми баяндамалар тыңдалды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

Магистранты посетили месторождение урана

В рамках задач ЦУР «Содействовать устойчивой индустриализации и к 2030 году существенно повысить уровень занятости в промышленности и долю промышленного производства в валовом внутреннем продукте в соответствии с национальными условиями».

Удвоить соответствующие показатели в наименее развитых странах» перед новым учебным годом 2023-24 г. преподаватели кафедры физической химии, катализа и нефтехимии Алишева Ж.Н., Игембаев И.Б., а также группа магистрантов КазНУ им. Аль-Фараби посетили месторождение урана Мойынкум ТОО «Казахстанско-французский совместное предприятие «КАТКО», которое является крупнейшей в мире компанией по добыче урана методом подземного скважинного выщелачивания, а также примером успешного международного сотрудничества между Францией и Казахстаном. Компания производит приблизительно 7% от годового объема мировой добычи урана, используя менее углеродоемкий метод разработки. «КАТКО» было создано в 1996 году для разработки месторождения Мойынкум в Туркестанской области Казахстана. Компания применяет международный опыт и профессиональные знания учредителей совместного предприятия – компаний «Orano» и «Казатомпром» – для развития своей деятельности по добыче урана.

Поездка была организована с целью ознакомления магистрантов и преподавателей с особенностями добычи урана в Казахстане, а также с возможностями применения полученных знаний в будущем. В рамках визита магистранты узнали о том, как компания ис-

пользует современные технологии и методы для добычи полезных ископаемых и как это помогает ей достигать высоких результатов. Они также пообщались с сотрудниками компании, которые поделились своим опытом и знаниями в области геологии. Кроме того, магистранты посетили буровые работы, которые проводятся на полигоне компании. Они увидели, как происходит процесс бурения и какие инструменты используются для этого. Также они узнали о том, какие проблемы могут возникнуть при бурении и как их решают специалисты компании.

Работу перерабатывающего завода показал специалист С. Мырзаханулы. В ходе поездки участники посетили ознакомились с технологией добычи и переработки руды, а также обсудили проблемы и перспективы развития отрасли. На следующий день директор департамента геологии и сбора информации Болат Ерлибек и ассистент Куанышбаев Баглан провели презентацию на тему «Разъяснения основных принципов геологоразведочных работ, представление сотрудников, знакомство с особенностями геологии в регионе, подсчет запасов». Магистранты также задали много вопросов, которые касались различных аспектов геологии и геологоразведки.

После была трехчасовая презентация на тему «Применяемые ГИС при добыче и разведке урановых месторождений», со специалистами отдела сбора информации Алиевым С. и Жумашулы Ержан. Также была проведена презентация на тему «3D моделирование» специалистом Абдрахмановым А. Магистранты были очень заинтересованы в этой презентации и задавали много вопросов. Они узнали о том, какие ГИС программы используются при добыче и



разведке урановых месторождений, а также о том, как они помогают в сборе, обработке и анализе данных, в том числе о том, как можно устроиться на работу в компанию. Слушатели также узнали о том, как моделирование геологических структур помогает прогнозировать оптимальные решения для задач добычи и разведки урановых месторождений. Кроме того, студенты провели практические занятия по анализу образцов урановой руды, что позволило им углубить свои знания в области химии и геологии.

Магистранты прослушали курс обучения по геологии и геологической разведке. Они изучили основные принципы геологии, методы геологоразведочных работ и особенности геологии в разных регионах. Магистранты познакомились с сотрудниками департамента геологии и сбора информации, а также посетили полигон месторождения, где проводятся буровые работы. Во время визита магистрантов были проведены презентации на различные темы, связанные с геологией и геологоразведочными работами. Магистранты задавали много вопросов и активно участвовали в обсуждениях. После семинара они получили сертификаты об участии.

Директор департамента

геологии и сбора информации провел презентацию на тему «Разъяснения основных принципов геологоразведочных работ», ассистент Куанышев Баглан представил сотрудников и познакомил с особенностями геологии региона. Магистранты также приняли участие в презентации «Современные методы обработки и анализа данных», где они узнали о новых технологиях и программном обеспечении, которые используются в геологии для обработки и анализа геологических данных. После обеда магистранты и специалисты компании продолжили знакомство с работой архивохранилища и принципами отбора проб для проведения химического анализа. Специалисты Паччаханов Б. и Идирисов А. продемонстрировали принцип работы архивохранилища, а также рассказали о методах химического анализа, таких как XRF и TeraSpec.

Затем магистранты послушали презентацию по темам «Роль и необходимость гидрогеологии при ПСВ» Хайбуллина Р. и «Обработка геологических данных» Амреновой З., о работах по внесению полученных данных на площадке и в лаборатории, знакомстве с месторождением 2D/3D, а специалист по ГИС Алиев С. рассказал о 3D моделировании и применении ГИС при добыче урано-

вых месторождений и работе в компании. Во время заключительного собрания нашей поездки проводилась встреча с выпускниками GeEnergies и презентация в формате «Вопросы – ответы». Магистрантов интересовало трудоустройство, требования к кандидатам на работу.

В свою очередь преподаватели университета провели мини презентацию, о том, как поступить на образовательные программы «7M07201 – Нефтегазовое дело» и «7M07202 – Нефтегазовое дело (двудипломная, университет Лотарингия)» в КазНУ имени Аль-Фараби. В ходе заключительного собрания магистранты задали множество вопросов о трудоустройстве, требованиях к кандидатам и возможностях карьерного роста в компании GeEnergies. Преподаватели университета также провели мини-презентацию о поступлении на образовательные программы «7M07201 Нефтегазовое дело» и «7M07202 Нефтегазовое дело (двудипломная, университет Лотарингия)», которые предлагают широкие возможности для профессионального развития и карьерного роста.

После завершения практики директор по геологии Ерлибек Болат вручил магистрантам сертификаты об окончании практики, а также сувенирные носители информации от компании. Ерлибек Болат выразил свою благодарность магистрантам за их участие в практике и подчеркнул важность таких программ. По итогам поездки участники выразили благодарность организаторам за возможность участия в таком интересном и познавательном мероприятии.

Жаннат АЛИШЕВА,
и.о. доцента кафедры
физической химии,
катализа и нефтехимии

Как применять принципы циркулярной экономики

Уникальность каждой сферы деятельности безусловно влияет на применение принципов циркулярной экономики. Например, аграрный сектор, являющийся одним из ключевых для Казахстана, предполагает включение в замкнутый цикл природно-климатических и биологических процессов. При этом современное сельскохозяйственное производство глубоко интегрировано с такими отраслями как машиностроение, легкая промышленность, пищевая индустрия. Поэтому, когда речь идет о развитии циркулярной модели отдельной отрасли неизбежно приходится сталкиваться с межсекторальным партнерством.

Современные исследования определяют ряд государственных мер законодательного, организационного и экономического характера, которые способствуют продвижению циркулярных принципов отдельных отраслей с учетом их развития в кооперации с другими секторами. Если говорить о правовом обеспечении развития циркулярных принципов, то эксперты отмечают необходимость разработки государственных стратегий и законов, регули-

рующих сбор, переработку и использование отходов и побочных продуктов, а также стимулирующих межотраслевую кооперацию и распространение инноваций.

В числе организационных мер значимым шагом является создание мультитейкхолдерских платформ, объединяющих заинтересованных производителей, поставщиков, исследовательские институты и государственные органы. Применение информационных технологий позволяет не толь-



ко сотрудничать, создавая совместные межотраслевые и межотраслевые проекты, но повышать осведомленность и внедрять новые циркулярные бизнес-модели. Экономические меры, способствующие развитию циркулярных принципов в отраслях, представляются такими государственными инструментами, как налоговые льготы, субсидии или гранты

для инвестиций, а также содействие развитию рынков вторичных ресурсов, внедрению круговых бизнес-моделей.

Таким образом, институциональная поддержка и сопровождение развития циркулярных производственных процессов, иницицированная «сверху» государственными органами, может способство-

вать развитию циркулярного бизнеса, отвечающего принципам: refuse (отказ, перевод продукта в категорию излишества), rethink (пересмотр и повышение эффективности использования продукта), reduce (сокращение количества природных ресурсов), reuse (повторное использование продукта), repair (ремонт и обслуживание продукта), refurbish (модернизация, восстановление и обновление продукта), remanufacture (реконструкция параметров и использование частей старого продукта в новом), reuse (перенаправление использованного продукта в другую область использования), recycle (вторичная переработка), recover (восстановление, сжигание материалов с рекуперацией энергии).

Римма САГИЕВА,
д.э.н., доцент ВШЭБ

Жылу физика және техникалық физика кафедрасы және кураторлар Э.Зұлбхарова, М.Әсембаева, Б.Әмірдің ұйымдастыруымен Тілдер мерекесіне орай, «Тіл – тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

«Тіл тұғыры – ұлт ғұмыры» дегендей, дамыған елдердегі білім беру жүйесін жақсы меңгеруде тілдің алар орны ерекше. Осы тұрғыда тілді меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының мәні күннен-күнге артып, мазмұны өзгеруде. Осы орайда, ағартушы-педагог, ғалым А.Байтұрсынұлы «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» дегендей, яғни «Тіл – болашақтың қайнар көзі».

Тіл – тірегіміз



Ашық тәрбие сағатында 1-курстың өнерлі студенттері белсенділік танытты. Өнерлі жастардың өз тілінде, өз елінде еркін сезінуі нағыз бақыт.

«Туған тілім, бабам тілі – өз тілім» дей келе, келешекте көптеген оқу-әдістемелік, педагогикалық мәселелердің шешімін ғылыми түрде

негіздеуді ана тілімізде талап ету қажеттілігі де туындайтыны анық. Данагөй әл-Фараби «Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» дейді. Тәрбиемен берілген білім – өлшеуі жоқ қазына, сондықтан жас ұрпаққа білім беру жолында оқу үрдісін оңтайландыру мен тәрбиелік мәнін арттыруда тілге көңіл бөлу аса маңызды. Яғни қазіргі жас ұрпақтың өз тілінде ой-өрісін дамытудың маңызына осы сөз дәлел секілді. Ал жастарымызды жан-жақты жетілдіру – біздің басты парызымыз.

Айтолқын ОТЫНШИЕВА,
докторант



Қызықты «Жас биолог» үйірмесі

Шетел азаматтарына арналған дайындық факультеті Ауғанстан, Қытай, Өзбекстан, Түрікменстан, Иран, Сауд Арабиясы, Түркия, Моңғолия т.б. елдер азаматтарына білім берумен қатар, азамат болып қалыптасуына да зор үлес қосып келеді.



Факультетте биология, химия пәндерін таңдаған тыңдаушыларға қосымша білім беру мақсатында құрылған «Жас биолог» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірменің негізгі мақсаты – тыңдаушыларды биология, химия ғылымдарының заманауи жаңалығы, жетістігімен дер кезінде таныстыру. Осы ғылымдардың тарихы, негізгі салалары туралы мәліметтер беру.

Оқу жылының барысында тыңдаушыларды университетіміздің биология және химия факультеттерінің

зертханаларына саяхат жасап, лабораторияның ерекшелігімен, жұмыс істеу тәртібімен таныстырамыз. Сонымен қатар үйірмені жүргізу жоспары негізінде ұстаздар болашақ студенттердің арасына елімізге танымал биолог, химик ғалымдарды шақырып, әдемі әңгіме, талқы, кездесу ұйымдастырады. Бұл жерде еліміздің биология мен химия ғылымдарының даму тенденциясы, жетістіктері, тарихы да назардан тыс қалмайды. Осы тақырыптар бойынша жыл бойы сабақ өткізіп тұрамыз.

Тыңдаушылар алдында тұрған үлкен сынақ – ҰБТ тапсырып, еліміздің жоғары оқу орындарына грантты ұтып алу болғандықтан, жыл бойы биология мен химия пәндерінен тест тапсырмалары сұрақтарына дайындалып, талқылап отырамыз. Осы оқу жылында да «Жас биолог» үйірмесі өз жұмысын жалғастырады.

Айнагүл ҮСЕНБЕКОВА,
Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасының аға оқытушысы

Жоғары мектептің жобалары пысықталуда

Біздің университетімізде «Идея генерациясынан – коммерциялауға дейін» деген технологиялық дәліз құрылып, тиімді жұмыс істеп тұрғанын білесіздер. Осыған орай, Экономика және бизнес жоғары мектебі еліміздің ғылыми-инновациялық тұрғыда өркендеуіне қомақты үлес қосуда.

«Еліміздің басты капиталы – білімді жастар» деген Мемлекет басшысының сөзін негізге алған біздің мектеп болашақ жастардың инновациялық ғылымға бет бұруына зор әлеуетін жұмсауда. Студенттердің ғылыми-инновациялық тұрғыда білім алып, ілімдерін одан әрі жалғауға баса назар аударылып отыр. Мәселен, Экономика және бизнес жоғары мектебі «Айналанды нұрландыр», «ҚазҰУ студенті оқуға тиіс 100 кітап», «Салауатты дене мәдениеті», «Green campus», «Al-Farabi Smart city» жобалары аясында

факультеттің оқытушы-профессорлық құрамы білім алушылармен тығыз жұмыс істеуде.

Жаңа басталған оқу жылы аясында осы жобалар негізінде жұмыстар одан әрі жалғасын табады. Білім алушылар мен жоба жетекшілері қазір өз жұмыстарын пысықтауда. Жоғары мектебіміздің ғылыми-инновациялық жобалары республикалық түрлі байқауларда топ жарады деген сенімдеміз.

Майра ТОЙҒАНБЕКОВА,
оқытушы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ, Нұрбек НҰРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНІСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-27, 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Гүлзат НҰРМОЛДАҚЫЗЫ

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 2500

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асағын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.